

10-апта

№ 19-20 Дәріс тақырыбы Сөздің морфологиялық құрамы мен тұлғасы

1. Қос сөздер және олардың ішкі топтастырылуы
2. Қысқарған сөздер туралы және қысқарту жолдары
3. Біріккен сөздер мен тіркесті сөздердің арақатынасы мәселесі

1. Алдыңғы дәрісте сөздер тұлғасына қарай алты арыс болады кімнің жіктеуін бердім? (еске түсіру). Зерттеуші Қ.Жұбанов өз еңбегінде сөз тұлғаларына қатысты тарауда сөз тұлғасының түрлеріне қарай алты арыс болады дейді. Олар:

- 1.Түбір сөз
- 2.Қосымшалы сөз
- 3.Кіріккен сөз
- 4.Қыйулы сөз
- 5.Қосар сөз
- 6.Қосалқылы сөз

Ғалым көрсеткен алты арыстың, яғни сөз тұлғасының алты түрінің күрделі сөздерге қатысты түрлерін бөліп алып сөз етсек.

Кіріккен сөз. Ғалым бұл сөздер тобын кіріккен түбірлер деп те атайды. «Өлі түбірлі, не өлі қосымшалы сөздер сияқты, ішкі жігін бүгінде жоғалтып, бірігіп кеткен сөздердің бірсыпырасы, түбір мен жалғаудан құралмай, өңшей түбірлерден құралған:

Мысалы, ашудас – ашу+дас Күндіз – күн+дүз (жүз,бет) Айаз – ай+юз Белбеу – бел+бау Қаралат – қара+ала+ат

Осындай екі түбір, үш түбірден құралып, бір түбір болып кеткен сөздерді кіріккен түбірлер дейміз».

Ғалым кіріккен сөздердің жаңасы мен көнесі болатынын айтады. «Кіріккен сөздер алғашқы қалпын жоғалтып, бірімен-бірі қыйындасып кеткен. Қыйындасқанда не екеуінің дыбысын бірыңғайластырып қыйындасқан. Не, оның үстіне, аралығындағы дыбыстардың бірсыпырасын ысырмалап, қуып шыққан. Мысалы, *белбеу* деген кіріккен сөзде бел+беу деген екі сөз қыйындасып, бір сөз болып кету үшін, соңғысының **ф** дыбысы е дыбысына айналып, алдыңғысының қалпына түскен. *Кішкене* деген кіріккен сөзде ғана қосалқысы жіңішкеріп, *кене* болғанының үстіне, *кіші* сөзінің соңғы **і** дыбысы түсіп қалып, қыйындасқан. Келі+сап деген екі сөз бір сөз болып кіріккенде, *келі* сөзінің соңғы дауысты дыбысы **і** жоғалып кеткен.

Кіріккен сөздердің бәрі бірдей қиындасып үлгермеген. Бірсыпырасы, мысалы, *қаралат*, *аяз* сияқты сөздер, ізін таптырмастай болып жымдасып, ішкі жігін жасырған. Енді бірсыпырасы, мысалы, *жермай*, *бесжылдық* сияқтылары әлі кірігіп кетпеген». Ғалым бұл жерде біріккен сөздер жайлы айтып тұр.

«Ерте құралып, арасының жігін жоғалтып кеткен сөздерді кіріккен сөздердің көнесі дейміз. Жаңадан құралып, әлі жігін жоғалтпағандарын – жаңасы дейміз. Кіріккен сөздердің көнесін қосып жазамыз. Жаңасының *қолғап*, *күнбағыс*, *айғабақ*, *асқабақ*, *белуар* сияқты бір мағына беретін дауыссыздарын қосып жазамыз да, бірқатарының емлесі әлі орныкпағандықтын, бірде олай, бірде былай жазылып келеді.

Келесі бір түрі **қиюлы сөз**.

Еңбеккүн, *белбеу*, *қолғап*, *ашудас*, *жермай* сияқты сөздердің әрқайсысы екі сөзден құралып, бір нәрсенің атын көрсетіп тұрғанын сондықтан мұндайлардың әрқайсысы о баста екі сөз болғанмен, бүгінде бір сөз болып кеткенін білуші едік. Мұндай кіріккен сөздердің құрылысы осы күнгі қазақ тілінде екі түрлі. Бірін – жалғасулы кіріккен, екіншісін – қиюлы кіріккен сөз дейміз. Жалғасулы кіріккен сөз тұтас күйінде тұрып-ақ тек жалғасып кірігеді. Ол қол+ғап, ашу+дас сияқтылар. Қиюлы кіріккен сөздер, ондай тұтас тұрып жалғанбайды, жарықшақталып, қиюы келтіріліп барып кірігеді. Ауатком, аухалтер, партком сөздері осындай ау+ат+ком, аудандық атқару комитеті деген үш сөзді қиюлап барып жасалған. Аудандық халық тергеушісі

Келесі түрі – **қосар сөздер**. Түбір сөзден туынды сөз жасаудың жалғыз амалы түбірге қосымша жалғау ғана емес, түбір сөздің я туынды сөздің өзді-өзін қосақтап та сөзге үстеме мағына беруге болады. Мысалы, бала-шаға, үлкен-кіші, ұзын-қысқа.

Теңдес сөздер. Екі тең сөз бір қосақталса, теңдес қосар дейміз. Теңдес қосар үш түрлі:

1. бала-шаға, қатын-қалаш, бақсы-бәлгер. Бұлар мәнделес қосар.
2. үлкен-кіші, аға-іні, ұлы-қызы. Бұлар – қайшы мәнделес қосар.
3. тау-төбе, әке-шеше, аяқ-табақ. Бұлар – көрші мәнді қосар.

Екі тең сөз бір қосақталмай, бір сөздің өзі екі қайтара айтылса, сөздес қосар дейміз. Мысалы, *ұзын-ұзын, бара-бара*. Олар екіге бөлінеді: үндес қосар: сатыр-сұтыр; өндес қосар: ұзын-ұзын.

Қосақталған сөздердің өздері ғана бір-бірімен жалғасып тұрмай, арасында матастырып тұрған дәнекер болса, матаулы қосар дейміз. Мысалы, *қолма-қол*.

Өздігінен айтылмайтын бір сөз екінші бір сөздің артынан тіркеле қосақталса, тіркеулі қосар дейміз. Мысалы, жылқы-мылқы.

Сөздің алдына бір буын қосылып айтылатыны да болады. Оны қосақты қосар дейміз. Мысалы, қап-қара. (Жұбановтан қарау)

Шәкенов Ж.: «Күрделі сөз деп екі я одан да артық сөз тізбегінен құралып, лексика, лексика-грамматикалық мағыналары мен тұлға, сөйлемдегі қызметі жағынан бөлшектенбей, тұтасымен белгілі бір ұғымның атауы ретінде жұмсалатын сөздерді айтамыз». «Күрделі сөз деп кемінде екі я онан көп дара сөзден құралып, ритм, ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан бір бүтін тұлға болып табылатын сөздерді айтамыз».

Күрделі сөзге тән белгілер. Күрделі сөздерді әдеттегі сөз тіркестерінен қалай ажыратамыз деген сұрақ әлі күнге дейін аяқталмаған мәселе болып қалып отыр. Күрделі сөздердің, әсіресе тіркесті және біріккен түрлерінің, жазылуына қатысты қазірдің өзінде ғалымдар арасында бірге жазу не бөлек жазу ұстанымын ұстап, бір тобы бөлек, бір тобы бірге жазу керек деген қайшы пікірлер бар. Оған дәлел 2019 жылғы латын жазуына көше жағдайында емлеге өзгерістер енгізуде кейбір күрделі сөздердің жазылуындағы өзгерістер. Күрделі сөз деп тану үшін қандай белгілер басшылыққа алынуы керек деген мәселе Қ.Жұбановтан бастап, кейін А.Ысқақов, К.Аханов және басқа да ғалымдар еңбектерінде, грамматикалық оқу құралдарында жазылып келеді. Ғалымдар күрделі сөз деп тану үшін сөздер үш басты белгіге жауап беруі керек дейді. Олар: **семантикалық тұтастық, мофрологиялық және синтаксистік тұтастық**.

Семантикалық тұтастық. Бір заттың не ұғымның белгілерін анықтау үшін, оны басқа затпен не ұғыммен салыстыру керек, сонда ғана сол заттың не ұғымның өзіндік ерекшеліктері анықталады. Күрделі сөз де солай, оны, бір жағынан, сөз тіркесімен салыстырғанда, екінші жағынан, фразеологиялық тіркеспен салыстырғанда, оның белгілері анықталады. Семантикалық тұтастық күрделі сөзді құраушы сөздер өз мағыналарынан айырылып (дисемантикаланып), екі не үш сөз біртұтас бір мағына білдіргенде болады. Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы әр басқа лексикалық мағынаны емес, тіркесіп не бірігіп келіп біртұтас лексикалық мағынаны білдіреді. Мысалы, асық жілік. Қ.Жұбанов 1930 жылдары кіріккен сөздердің мағыналық тұтастығы жайлы сөз ете келіп, былай дейген: «*Қолған* дегенде ... *қап* деген сөздің бөлек тұрған бағытта екі мағынасы бар: бірі - орыс тіліндегі *мешок* деген сөздің мағынасы. Екіншісі - бір нәрсенің сыртынан кигізілген ыдыстың атауы. Егерде *қолған* дегендегі *қап* оңаша тұрғандағы мағынасынан айырылмаған болса, онда осы екі мағынаның екеуі де мұнда болған болар еді. Бірақ *қолған* дегендегі *қап*-та *мешок* мағынасы қалмаған, тек екінші мағынасы - *чехол* мағынасы ғана қалған. Олай болса, мұндағы *қап*-тың мағынасы оңаша тұрғандағы *қап* сөзінің мағынасымен бірдей емес, оның бірқатарын жойған, кеміген, жұқарған. Сөйтіп, *қолған*-тағы *қол* деген сөз өз мағынасында тұрса да, *қап* деген сөз өз мағынасын өзгерткен. Өйткені

қап деп астық, жүн т.б. осындай заттарды салып қоятын белгілі бір ыдысты атайтын болсақ, *қолғап* дегендегі *қап*-та бұл мағына қалмаған. Сондықтан, *қолғап* дегендегі *қап* бөлек тұрғандағы *қап* деген сөздің дәл өзі емес, мағынасы бірқатар өзгерген сөз болып шығады. Сондықтан ол *қол* сөзімен бірігіп барып, бір-ақ сөз болып кірігіп, орыс тілінде *рукавицы*, *перчатка* дейтін бір-ақ нәрсенің аты болып кеткен. Кіріккен сөздердің ішіндегі жеке сөздердің әрқайсысының өз алдына жеке мағынасы болмай, бәрі бірігіп барып бір-ақ мағына береді деп осындайды айтамыз» («Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегінде (1966, 224-225 бб).

Салыстырмалы түрде мұндай семантикалық белгі сөз тіркестеріне тән емес. Мысалы, қызыл орамал.

Күрделі сөздің табиғатын анықтауда бір ғана семантикалық белгіге сүйену жеткіліксіз. Ол үшін басқа да белгілерге сүйенуіміз керек.

Морфологиялық тұтастық белгісі. Күрделі сөз де жалаң сөз сияқты түрленеді, яғни көптеледі, тәуелденеді, жіктеледі, септеледі. Осы түрленуде күрделі сөздер сыңарлары жеке-жеке өзгермей, тұтас күйінде түрленіп, септеледі не жіктеледі. Мысалы: *қолшатырдың*, *құрт-құмырсқасы*. Күрделі сөздер бір бүтін тұлға ретінде парадигмалық қатарға кіреді. Дегенмен бұл белгінің күрделі сөздерге ғана емес, әдеттегі синтаксистік сөз тіркестеріне де тән екенін атап өтуі қажет. Сондықтан бұл критерий күрделі сөздерді сөз тіркестерінен ажырататын белгі бола алмайды. Сөз тіркесінде де қосымшалар тіркестегі соңғы сыңарға жалғанады да, алдыңғы сыңар өзгермей тұрады. Мысалы: *алтын сағат+ты*, *+пен*. Дегенмен біз морфологиялық тұтастық белгісін, К.Аханов айтқандай, түрлену парадигмасымен ғана шектемей, сөз табына қатысын да айтсақ, тұтастық белгісі сақталады. Күрделі сөздің сыңарлары тұтасып келіп бір ғана сөз табына енеді. Ал сөз тіркесі олай емес: *алтын* - жеке сөз табы, *сағат* жеке сөз табы ретінде қарастырылады.

К.Аханов күрделі сөздің морфологиялық, кейде ғалым *құрылымдық* та дейді, белгісін күрделі сөздің сыңарларының орнын ауыстыруға келмейтінімен де түсіну керек дейді. Бұл жағынан ол идиомаланған сөздерге ұқсайды. Сыңарларының орнын ауыстырсаң, күрделі сөз болудан қалады. Мысалы, *көртшішқан*, *көзбе-көз*, *тоқ ішек* күрделі сөздерінің сыңарларын керісінше айтуға келмейді. Ал сөз тіркесінде болады: *алмас қылыш - қылыш алмас*, *суық су - су суық*. Сондай-ақ ғалым морфологиялық тұтастық белгісі түркі тілдерінде күрделі сөзді анықтаушылық сөз тіркесінен ажыратуға жарамаса да, матаса және меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінен ажыратуға көмектесетіндігін айтады. Мысалы, *үйдің қабырғасы*, *малдың төлі не базарға бару*, *биіктіктен секіру т.т.*

Үшінші белгі - **синтаксистік тұтастық белгісі.** Бұл күрделі сөздің бөлінбей тұтастып келіп сөйлемде бір мүшенің қызметін атқаруымен түсіндіріледі. *Жанкүйер*, *құлаққап*, *пернетақта*, *бозторғай*, *бара сал* т.т. Барлығы да бір сөйлем мүшесі. Сөз тіркесімен салыстырыңыз: қара киім.

2. Күрделі сөздің түрлері. Олар: біріккен және кіріккен сөздер, қос сөздер, тіркесті сөздер, қысқарған сөздер.

Біріккен және кіріккен сөздер. **Кіріккен сөздер** деп сыңарларының не біреуі, не екеуі де мағыналарынан айырылып, әрі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, біртұлға ретінде қалыптасқан күрделі сөздерді айтамыз. Мысалы: *түрегел*, *белбеу*, *әкет*, *сөйт*, *былтыр*, *күн+елту (ерту) = күнді ертіп жүру (соңғы сөз Қ Жұбановтан).*

Біріккен сөздер деп сыңарларының мағына жағынан да, форма жағынан да еш өзгеріске түспей бірігіп, бір ұғымды білдіретін күрделі сөздерді айтамыз. Мысалы: *аққұтан*, *қаламсап*, *қосаяқ* т.т.

БС және КС этимологиялық дамуын зерттеу қарағанда олардың әу баста әдеттегі сөз тіркесінен, бір бірімен синтаксистік амалдар арқылы сабақтаса (бірі екіншісіне бағына) байланысқан тіркестерден қалыптасқан. Мысалы: қарақат (қара қат), білезік (білек жүзік), биыл – бұл жыл. Сондай-ақ объектілік, мезгілдік, мекендік т.б. қатынастағы жалғаулар

арқылы байланысқан тіркестерден де біріккен сөздер қалыптасқан: бойжеткен- бойға жеткен, қаптесер – қапты тесер, ойынкұмар – ойынға құмар.

Ғалым А.Ысқақов біріккен сөздердің кейбірі, мысалы, *ағайын, қолғанат* салаласа байланысқан тіркестерден шыққан дейді. Ағайын – аға-іні, қолғанат – қол және қанат сөздерінен біріккен. Бұл сөздердің құрамындағы компоненттер біріне-бірі тәуелді емес, біріне-бірі тең дегенді айтады. Сөздердің сабақтаса байланысқан тіркестерінен қалыптасқан (С.Исаев т.б.) Мысалы: қолқанат сөзі қол + қанат сөздерінің анықтауыштық қатынаста қабыса сабақтаса тіркесуінен пайда болған. Ағайын сөзі аға + йугун сөздерінің сабақтаса байланысуынан шығуы мүмкін. Йугун – йуун –йун - йын

Қос сөздер. Қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деп екіге бөлінеді. **Қайталама қос сөздер** бір сөздің өзін қайталау не оның бір буынын, не бір дыбысын өзгертіп қайталау. Мысалы: *арба-арба, көзбе-көз, ап-ашық, ет -мет* т.т.

Қайталама қос сөздер мынадай жолдармен жасалады:

- 1) қосымшасыз (түбір) сөздің қайталануы арқылы: әрең-әрең, сала-сала, тау-тау.
- 2) Қосымшалы сөздің қайталануы: не бір сыңары, не екі сыңары да қосымшалы болады: *көре-көре, үйдей-үйдей, жер-жерде.*
- 3) Сыңарының бір дыбысы өзгеріп барып жасалады: *шай-пәй, ет-мет, тұз-мұз, ас-мас.*
- 4) Үстеме буын арқылы: *ап-анық, түп-түзу, жап-жасыл.*

Қайталама қос сөздердің сөз жасауға қатысы туралы пікірлер әр түрлі. Көбі олардың сөз жасамайтындығын, тек әр алуан мағыналар: жинақтау, топшылау, бөлу, саралау, күшейту, жекелеу, қайталау т.т. грамматикалық мағыналар үстейтіндігін көрсетеді. Н. Оралбаева ғана сөзжасаудың бір жолы деп таниды. С. Исаев адвербиалданған түрін ғана сөзжасауға жатқызады: *көзбе-көз, сөзбе-сөз,*

Қосарлама қос сөздер екіге бөледі: 1) екі сыңары да мағыналы қосарлама қос сөздер 2) бір не екі сыңары да мағынасыз қосарлама қос сөздер. Екі сыңары да мағыналы ҚҚС сыңарларының мағыналарына қарай үшке бөліп қарастырылады: 1) қайшы мәндес, 2) мәндес 3) ұштас.

Қысқарған сөздер. Сөздердің белгілі бір қысқарту жолдары бар. 1) әрбір сөздің тек басқы дыбыстарынан қысқарады: *ТМД, ЕО* 2) бірінші сөздің алғашқы буынынан және соңғы сөздердің алғашқы дыбыстарынан: *ҚазҰУ* 3) алғашқы сөздің бастапқы буынынан және соңғы сөздің толық айтылуынан: *пединститут, партбилет.*

3. Күрделі сөздердің біріккен және тіркесті түрлері жазу емлесімен тығыз байланысты. Егер сөздерді біріктіріп жазсақ, олар күрделі сөздің біріккен түрі, ал бөлек жазсақ тіркесті түрі болып кетеді. Ал егер сөздер арасына дефис қойсақ, онда қос сөздер болады. Сол себепті жазылу емлесі күрделі сөздің осы түрлерінің арақатысын шешетін бірден-бір критерий болып табылады. Қазіргі тіл жағдайында бірқатар күрделі сөздердің жазылу емлесіне қатысты таласты пікірлер бар. әсіресе біріккен сөздердің жазылуына қатысты.

Қалиұлы Б. «Біріккен сөздердің бөлек жазылуының сыры неде?» мақаласында мақала тақырыбының атауына «Өзі біріккен сөз болса, ол қалай бөлек жазылады?» деп ойлап қалуларыңыз әбден мүмкін» - дейді. Ғалым осындай қарама-қайшылықты былайша түсіндірген: «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (2013 ж.) біріккен сөздерді үш түрлі жазады: Олардың бір тобы – бірге (асүй, бозүй, мекенжай, әуежай, т.б.), екінші бір тобы – бөлек (жолым үй, киіз үй, қазақ үй, т.б.), үшіншілері – қос сөз ретінде **сызықша** арқылы жазылады (қора-жай, мал-жай, үй-жай, т.б.)» (онлайн мақаладан). Автор сызықша деген сызықша емес дефис. Қалиұлы Б.Қ.Кудеринаның 2005 жарияланған «Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы» еңбегін талдайды. Кітаптың аңдатпасында: «Мұнда қазақ тілі орфографиясының күрделі мәселелерінің бірі – сөздерді бірге, бөлек таңбалаудың теориялық негіздері көрсетіледі» деп жазылыпты.

Жазылу емлесін сөздіктерде бекітеміз. Сөздерді бірге жазамыз ба, әлде бөлек жазамыз ба деген сұраққа орфографиялық сөздіктерге сүйенеміз.

Қазақ тілі орфографиялық сөздіктерінің бастапқысы – 1988 жылы академик Р. Сыздықтың басшылығымен жарияланған еңбек. Бұдан кейін емле сөздігі 2005, 2007, 2013 жылдары жарық көрді.

Сөздіктің бесінші басылымының (2005 ж) редакциясын басқарған Р.Сыздық; құрастырушылар: Р.Сыздық, Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Қ.Есенова, С.Жапақов, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова. Орфографиялық сөздіктің алтыншы басылымының (2013 ж) редакциясын басқарған - Нұргелді Уәли; құрастырушылар: Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова.

Енді мәселенің өзіне келейік. *Ұр да жық, ас та төк, у да шу* күрделі сөздері бөлек жазылатын. *Ұр да жық* сөзі А.Ысқақовтың еңбегінде (Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы), К.Ахановта т.б. еңбектерде бөлек жазылған. Себебі *да* шылау, шылау сөзден бөлек жазылады деген ереже бар. Кейіннен бұл *ұрда жық* деп те жазылды. Қазір латын әліпбиіне көшуде ұсынылған, әлі бекітілмеген ережеде *ұрда-жық* дефиспен жазылып қос сөз болып кеткен. Осы жаңа емледе: **Слайд** «Бөлек жазылатын сөздер емлесі» тарауында «*да, де, та, те* шылаулы тіркестерімен келген күрделі сөздер бөлек жазылады: *бар да кел, айт та қой, қара да тұр, кір де шық*. **Бірақ** *ұрда-жық, аста төк, уда-шу* тәрізді лексикаланған тіркестер бірге әрі дефис арқылы жазылады».

Сол сияқты көмекші сөздердің қатысуымен жасалатын күрделі сөздер туралы. *Тіл алды, тіс арты дауыссыздары* деп бөлек жазып келгенбіз. Жаңа ережеде: **Слайд** «Негізгі сөзге тіркескен *алды, арты, асты, үсті, маңы, жаңы, іші, сырты, басы, тұсы, шеті, бойы* сияқты көмекші есімдер бөлек жазылады: *есік алды, үй арты, көпір асты* т.т. Ескерту: *алды, арты, үсті* көмекші есімдерімен келіп, атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады: *сайлауалды науқан, мектепалды топ, тіларты дыбысы, сөзалды сыңары, тісарты дауыссызы, жерүсті жұмыстары, жерасты сулары*», - деп жазылған.

Сол сияқты *әр түрлі* күрделі сөзі бұрын бөлек жазылса, қазір бірге жазылып, біріккен сөз болып қаралып жүр. Оған қатысты ереже мынадай: «*Еш, әр, кей, бір, қай, қайсы, әлде* сөздерімен келген есімдік, сын есім, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады: *ешкім, әркім, әртүрлі, кейбір, бірдеңе, қайбір, қайсыбіреулер, әлдеқалай*. Ескерту: *әр, кей, бір, қай, әлде* сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады: *әр ел, кей бала, бір жұмыс, қай заман*». Сұрақ: *әртүрлі* бірге жазылса, *сан түрлі* неге бөлек жазылады? *Түрлі еш* есімдігімен тіркессе, бірге, *сан-мен* тіркессе, бөлек жазылуын қалай түсіндіреміз. *Әрбасқа*-ны да Нұргелді У. орфографиялық сөздікте (2013) бірге жазады.

Н.Уәли басқарған сөздікте (2013) *қолорамал, беторамал, асқасық, шайқасық, қолсағат, қолайна, желдиірмен, будиірмен* т.б. болып бірге жазылған. Алдыңғы сыңары *бір* сөзімен, сондай-ақ *-ым (-ім)* жұрнағымен келген ұлттық өлшем атаулары бірге жазылды: *бірсалар, бірсауым; сүтпісірім, көзкәрім, атишаптырым* т.б.

-лық/-лік, -шылық/-шілік, -лы/лі жұрнақтары арқылы бірге жазылатын сөздердің қатары молайды: *малишаруашылық, егіншаруашылық; жантүршігерлік, жатжерлік, адамсүйгіштік; ашатұяқты, сүтқоректі, көпшілікқолды* т.б.

Қалилы Б. біріккен сөздердің салаласа байланысқан кемінде екі сөздің өзара бірігіп біртұтас лексика-семантикалық мағынаға ие болып, бір ғана заттың атауы болып, бір ғана сұраққа жауап беріп сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын номинативті бірлік екенін айтады. «Біріккен сөз дегеніміз – атау септікте тұрған кемінде екі есім сөздің (түбірдің) алдымен бір-бірімен тұрақты түрде салаласа (**қабыса**) тіркесіп, қолданыла келе өзара жымдасып, лексикаланып, біртұтас жаңа лексика-семантикалық мағынаға ие болып, бір ғана заттың атауы болып тұрған, бір ғана сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі болатын номинативтік бірлік». (Қалиұлы Б.) Біріккен сөздердің ең басты белгісі – тіркес құрамындағы сыңарлардың арасында ешқандай синтаксистік қарым-қатынастың жоқтығы және мағына тұтастығы.

Н.Уәли *ақ аю* мен *ақбөкен* сөздерін екі бөлек сөздер ретінде танып, *ақ аю* бөлек, *ақбөкен* бірге жазылады, себебі *ақбөкен* сөзіндегі *ақ* сөзінде тура мағына көмескіленген, ол *ақ аю* сөзіндегі *ақ*-тың тура мағынасындай емес, тура мағынадан алшақтаған деп түсіндіреді. Бұған Қалиұлы Б. дау айтады, «Біздіңше, ақ аю мен ақбөкен сөздерінің ешқандай айырмашылықтары жоқ» екеуі де бірдей дейді. Менімше де солай, айырма жоқ.

Ақ сүйек сөзі. Бұл «ұлттық ойын атауы ретінде біріктіріліп жазуылуы», ал екінші мағынасында «хан, сұлтан, бек тұқымы, үстем тап өкілі» деген фразеологиялық тіркес ретінде ауыспалы мағынада қолданылатындықтан, бөлек жазылуы тиіс» дейді Қалиұлы Б. Ал бұл сөздікте екінші мағынасында да біріктіріліп жазылған.

«Бұл даудың бірден-бір себебі – біріккен сөздерді осы типтес басқа сөздерден ажыратудың қиындығы мен күрделілігі. Орфографиялық сөздікті құрастырушылар: «Тіркесті сөздерді біріктіру-біріктірмеу үшін олардың арасындағы мағыналық қатынастарға (Д1Д1, К1К1, К3К3, т.б.) қарау керек» дейді (Ол туралы пікірімізді біз жоғарыда айтқанбыз). Бірақ өздері оған қарамайды. Біз болсақ, бірге немесе бөлек жазу үшін тіркесті сөздердің жалпылай алғандағы мағыналық ерекшеліктеріне, сыңарлар арасында синтаксистік қатынастың бар-жоқтығына және сөздердің қолданылу қызметтеріне қарау керек деп ойлаймыз» (Байынқол Қали онлайн мақаладан)

«Синтаксистік тіркестер бөлек жазылады. Тіркесті сөздерге идиомалану тән емес. Егер тіркесті сөздер идиомаланып, бейнелі, образды мағынада қолданылса, М.М.Копыленко мен З.М.Попова айтқандай, олар – фразеологизмдер. Фразеологизмдердің құрамындағы сөздерді біріктіріп жазу – ең үлкен қателік» - деп қорытады Қалиұлы Б.

Сіз ойланып көріңіз: көгөніс, шегара, қыргүйек пе, әлде көкөніс, шекара, қыркүйек пе? Көңіл-күй ме, жоқ көңіл-күйі ме?

Соңғы емле ережесіндегі анықтамалар:

Атауыштық тіркес – сыңарлар арасындағы байланысы тұрақты, зат пен құбылысты тура мағынада атайтын, бөлек жазылатын күрделі сөз.

Идиомалық тіркес – дайын күйінде қолданылып, бір ұғымды білдіретін, тұтас мағынасы құрамындағы бірліктердің әрқайсысының мағынасына сәйкеспейтін тұрақты тіркестің түрі.

Лексикаланған тіркес – фразеологиялық мағынасынан қол үзген, синтаксистік қатынас көмескіленген, жеке сөз орнына жүретін лексикалық бірлік.

Семинарға ойталқы: дәрісте мен атаған **күрделі сөздердің** және басқа да **күрделі сөздердің** жазылуын орфографиялық сөздіктерден қарап, әр сөздіктегі берілуін салыстырып (жылын жазып салыстыру), бірге не бөлек жазылуына мысалдар қараңыз, және оларды ғалымдардың ғылыми пікірлерімен сабақтастырыңыз. **Ойтүрткі мақалалар:** -

Күдерина К. Бірге жазылатын сөздер неге көбейді? <http://ult.kz/post/birge-zhazylatyn-sozder-nege-kobeydi>

Қалиұлы Байынқол. (29/08/2018). Біріккен сөздердің бөлек жазылуының сыры неде? https://mtdi.kz/main/til_polisiyasy/id/993

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері.- Алматы, 1996.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқу құралы / К. Аханов. - Алматы: Өлке, 2010. - 240 б.
3. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1954.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. –Алматы,1967
5. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. –Алматы,1975.
6. Ысқақов А. Қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 1992
7. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.

8. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. –Алматы, 2007.
9. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998
10. Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: Фил. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2012. – 313 б.
11. Уәли Н. Біріккен сөз туралы // ҚР ҒА-ның хабарлары 2005. №5-6
12. Күдеринова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы: 2005. – 144 бет. (онлайн пдф бар).
13. **Қалиұлы Байынқол.** (29/08/2018). Біріккен сөздердің бөлек жазылуының сыры неде? https://mtdi.kz/main/til_polisiyasy/id/993